

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы

«Тәуелсіз ел бақытты»



Ересек «Балақай» тобы

**Өткізгендер: Муз.жетекшісі Абишева Г.У.
Тәрбиеші Аймахова С.А.**

2025-2026 оқу жылы

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Сіздерді тәуелсіз еліміздің тұғырлы тәуелсіздігімен құттықтаймыз! Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!

Ересек «Балақай» тобының тәуелсіздік мерекесіне арнаған ертеңгілігін тамашаланыңдар!

Барша халық таныған,

Біздің үміт тілекті.

Шырқалғанда әнұран,

Шаттық кернер жүректі.

Тәрбиеші: Балалар еліміздің Әнұранын орындайық.



Тәрбиеші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан Республикасы.

Жүргізуші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің елбасы кім?

Балалар: Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев.

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: Нұрсұлтан қаласы.

Тәрбиеші: Балалар, Қазақстан Жоғары кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялады. Бұл күн — Қазақстан тарихында «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні» деп алтын әріптермен жазылды. Бұл Республиканың барлық халықтары үшін маңызды тарихи оқиға болды.

Тәрбиеші: Бақытым Республикам Қазақстан

Көгінде ақ көгершін, қаздар ұшқан

Соған жетпес құшағы әлемнің де

Қыс болса бір шетінде жаз ауысқан.

Келесі кезекте Отан туралы тақпақтарымызды айтайық.

Іңкәр.

Отанның қасиетті тілін сүйем,

Отанның қасиетті күнін сүйем.

Отан, Отан, Отан!

Бәрінен де биік екен!
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

Тілекші.

Бейбіт таңдар арайлап ағады,
Туған жерді аймалайды шапағы.
Байтақ елім-ұлы Қазақстаным!
Ең бақытты балалардың Отаны.

Арайлым.

Қазақстан - азат елім,
Таңғажайып туған жерім.
Тек сен үшін мақтанамын,
Қазақстан – елім менің.
Астана арман қала,

Тәрбиеші: «Отан-оттанда ыстық» дегендей, Отан үшін жанын берген аға –
әпкелерімізге арнап топ ұлдарының орындауында **«Қасиетті домбыра»** биін

қабыл алыңыздар!



Би «Қасиетті домбыра»

Тәрбиеші:

Қазақстан - азат елім,
Таңғажайып туған жерім.
Тек сен үшін мақтанамын,
Қазақстан – елім менің, -дей келе балалардың бүгінгі мерекеге арнаған
«Отаным менің» әнін қабыл алыңыздар!

